

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 33 (828) 10 қыркүйек, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha\_tan@list.ru

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА



Мемлекет басшысы ең алдымен «Сервис-ЖАРС» серіктестігі шаруашылығының алқабына барып, күзгі жиын-терім жұмыстарымен танысты. Президент аграрилермен әңгімелесу барысында биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы саласы бойынша тиісті міндеттер жүктегенін еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті: – Біз субсидия саласындағы саясатымызды жетілдіріп, реттеуіміз керек. Аталған мәселеге Жолдауымда арнайы тоқталдым. Бұл жерде бәрі айқын болуы керек. Болашақта субсидиялар мүлдем жойылып, оның орнына пайызы төмен несиелер болады деген пікір бар. Алайда, қазіргі уақытта біз ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге қолдау көрсетуіміз қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев дайын әрі өңделген өнімнің, соның ішінде ұнның экспортқа шығарылу көлемі төмендегенін атап өтті. “Бұл ретте қолайлы тариф саясаты қажет”, - деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының

пайдаланылатын ауыл шаруашылығы техникаларымен де танысты. Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін озық техникамен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті: – *Үкімет ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін осындай техникалармен қамтамасыз етуге көмек беруі керек. Егер заманауи техника болмаса, біздің ауыл шаруашылығымыз дамымайды. Бұл – анық дүние. Сондықтан, Үкімет менің тапсырмам бойынша тиісті жұмыстарды жалғастырады. Екіншіден, бұл техникалар ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне қолжетімді болуы керек. Несиеге қатысты саясат жалғаса береді. Несие мөлшері төмен болуы тиіс. Мен бұл мәселеге баса мән беремін.*

\* \* \* \* \*

Мемлекет басшысы бұл сапарында «CLAAS» зауытында болды.

пайыз арзан бағаға сатып ала алады. Жыл соңына дейін зауыттағы мамандар комбайнның 100-ге жуық данасын шығармақшы.

Нильс Ройтч, ТМД елдеріндегі «CLAAS» компаниясының аймақтық директоры: – *Біздің техникалар қазірдің өзінде Қазақстандағы алқаптарда жұмыс істеп жүр. Бұл көліктер бүгіннен бастап Солтүстік Қазақстан облысында өндіріле бастайды. Оларды әлем бойынша ең озық үлгідегі технологиямен жабдықтаймыз. Алғаш болып «TUCANO» комбайнын құрастыруға кірісеміз.*

«Машинаның қуатты болғанынан гөрі оның дұрыс қолданылғаны маңызды» – дейді германиялық меймандар. Сөздерінше «CLAAS» маркалы тұқым сепкіш пен астық жинағыш техникалардың бәрінде автоматты басқару жүйесі бар. Яғни, жасанды интеллект орнатылған. Нақтырақ айтсақ, көлік алқапқа шыққан сайын қоршаған ортаға бейімделіп, өзін-өзі дамытып отырады. Осылайша, толық қуатта жұмыс істей алады.



Президенті: – *Біз дәстүрлі түрде Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстан елдерінің нарығына үн жеткіземіз. Жалпы, Үкімет, Сауда министрлігі тарифті реттеу мәселесімен нақты айналысуы тиіс. Үкімет келешекте астыққа экспорт салығын енгізу мәселесін көтеріп отыр. Бірақ, қазір қалыптасқан ахуалды ескере отырып, бұған әлі ерте деп ойлаймын. Сондықтан, тауар өндірушілерге, әсіресе үн шығаратын кәсіпкерлер үшін субсидия механизмін қайта іске қосуымыз керек. Біз қосымша құнының деңгейі жоғары дайын әрі өңделген өнімдерді экспорттауға тиіспіз.*

Қасым-Жомарт Тоқаев егін жинау жұмыстарында

– *«CLAAS» маркалы ауылшаруашылығы техникасын өндіретін зауыт 9 елде ғана бар. Әлемдегі 14 өндіріс ошағында немістің тегеурінді техникалары жиналады. Соның бірі бүгін Петропавлда ашылды. Жобаны жүзеге асыру үшін 3 млрд теңге инвестиция құйылған. Енді осы жерде шығарылатын комбайн мен тракторлар солтүстікқазақстандық диқандардың техникасын жыл сайын 6 пайызға жаңартуға мүмкіндік береді.*

«TUCANO» комбайны, «XERION» тракторы мен «HORSCH» тұқым сепкіші. Жергілікті ауылшаруашылығы өндірушілерді келесі жылдан бастап мына тұрған озық үлгідегі техникаларды 50

Нильс Ройтч, ТМД елдеріндегі «CLAAS» компаниясының аймақтық директоры: – *Бұл жүйе жұмыс істеген кезде барлық процестерді өзі қадағалайды. Адамның қатысуынсыз қозғалысын, астық құю жылдамдығын, ылғалдылықты, жағармай шығынын есептеп отырады. Осындай жолмен машина өзіне ең қолайлы жұмыс режимін орнатады. Техника дұрыс пайдаланылса, өнім де көп болады.*

Жалпы, «CLAAS» зауытында қазір 100-ден аса адам жұмыс істейді. Келесі жылы мамандар мұнда 300 комбайн жинау жоспарда бар дейді.

Бердімұрат БАЙМҰҚАН, *тілші.*



## ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Кадрлық іс жүргізу саласын заң бұзушылық қатері жоғары аймақ қатарына жатқызуға болады. Өйткені, қызметкерді жұмысқа қабылдау, конкурстар ұйымдастыру, функционалдық лауазымдық міндеттерін белгілеу, бекіту, ротация жүргізу, қызметкерлерді жазалау, марапаттау, сыйақы тағайындау, үстемәкі беру, материалдық көмек көрсету, жұмыстан шығару сынды жұмыстардың барлығы кадрлық іс жүргізу саласы арқылы ұйымдастырылады. Ал бұл бағытта сыбайлас жемқорлыққа жетелейтін бұзушылық әрекеттері жиі орын алатыны жасырын емес. Мәселен, мемлекеттік органда конкурс ұйымдастыру сәтінде әңгімелесу кезеңінде қойылатын сұрақтарды үміткерге алдын ала беру, белгілі бір үміткерге лайықтап біліктілік талаптарын өзгерту немесе талапқа сай келмесе де, үміткерді конкурсқа қатыстыру, жұмысқа қабылдау сынды заң бұзушылыққа жол берілуі мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымына лайық немесе лайық емес екенін бағалау мақсатында тоқсандық жылдық жұмыс жоспарына мониторинг жүргізу қағаз жүзінде сипат алуы жиі ұшырасады. Сондай-ақ, қызметкерлерге жаза қолдану немесе, керісінше, сыйақы тағайындап, марапаттау кезінде белгілі бір тұлғаларды жеке қарым-қатынасына сай дара бағалау тәрізді мүдделер қақтығысы орын алып та жатады. Яғни, кадрлық іс жүргізу саласында Қазақстан Республикасының «ҚР-ның Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы мен Президенттің «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Жарлығы аясында белгіленген заңнамалық тәртіптерді бұзуға жиі жол беріледі. Осыған орай, ҚР-ның 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік Кодекстінде көрсетілген заңнамалық тәртіппен субъектілердің (объектілердің) қызметін бақылау және қадағалау мақсатында профилактикалық бақылау жүргізіліп отырады. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 24 мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы негізінде Кәсіпкерлік кодексте бақылау мен қадағалаудың формасы өзгертілді. Нәтижесінде профилактикалық бақылау мен қадағалау енгізілді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізудің мақсаты - құқық бұзушылықтардың жасалу себептері мен жағдайларын жою, олардың профилактикасы, адамның өміріне, қоршаған ортаға, мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне қауіп-қатердің туындауының алдын алу үшін ұсынымдар беру. Кәсіпкерлік Кодекстің 137-бабында шаруашылық жүргізуші субъектілерге (объектілерге) профилактикалық бақылау мен қадағалау екі түрлі болуы мүмкін екендігі белгіленген. Бақылаудың бірінші түрі шаруашылық жүргізуші субъектіге (объектіге) бару арқылы, екіншісі – бармай. Кәсіпкерлік кодекстің 132-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар, Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері бақылау субъектісі болып табылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер олардың профилактикалық бақылау мен қадағалауға жататындығы туралы мәліметтерді міндеттеріне бақылау мен қадағалаудың қандай да бір функциялары кіретін мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарынан ала алады. Осы жерде жоғарыда аталған кадрлық іс жүргізу саласында заң бұзушылыққа жол берілгені туралы ақпарат профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталады. Егер субъектіге (объектіге) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүзеге асырылып, нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғамай, бірақ бақылау және қадағалау субъектісіне оны жоюдың тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып қорытынды құжаттар жасалады. Жұмысқа алу, жұмыс істеу барысында, жұмыстан шығару кезінде қызметкерлер мен жұмысшылардың құқығын сақтау субъектілер (объектілер) үшін маңызды екені ескерілгені жөн. Әсіресе, мемлекеттік қызметте заңсыз әрекетке жол берілмеуі тиіс. Өйткені, біздің елімізде адам құқығы басты құндылық.

**Е.М.ҚАЙЫРГЕЛДІ,**  
мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

\*\*\*\*\*

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫ ЕНГІЗУ

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен облыстың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері үшін семинар-кеңес ұйымдастырылды.**

Кеңеске қала құраушы кәсіпорны – зауыттардың басшылары мен комплаенс офицерлері қатысты, ондағы қызметкерлер саны 400-ден астам адамды құрайды. Кеңесте ISO: 37001 Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын енгізу мәселелері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алдағы жұмыс жоспарлары талқыланды. Департамент басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жажин өткізілетін іс-шаралардағы сандық көрсеткіштерден олардың сапалы орындалуына көшу туралы айтып берді, осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет оларды ұйымдастыруда толық әдістемелік қолдау көрсетеді. Қазіргі уақытта комплаенс-қызмет облыстың квазимемлекеттік секторының 61 ұйымына енгізілді. Кеңеске қатысушылар арасында "Protecting Business and Investments" жобасына қатысатын бизнес өкілдері қатысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыстың нәтижелерімен өз қатарларында бөлісті.

**СҚО бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.**

## ДЕРТТІ ВАКЦИНА ҒАНА ТОҚТАТА АЛАДЫ

Кеңес Одағы кезінен бері қаншама вакциналау процесін көрдім, басы-қасында да болдым. Бірақ алыпқашпа әңгімелер, видеолар, аудиолар мен жалған хабарламалар тараған кез есімде жоқ. Қазіргі жағдай басқаша. Тап қазір адамзаттың бас амандығы вакцинаға тәуелді болып тұр.

Бұл дауасыз дертті тек вакцинамен ғана тоқтата аламыз. Осы мәселені ендігі жерде талқылаудың өзі артық. Адамзаттың коронавирусты зерттей бастағанына 1,5 жылдан енді асса да, генетикалық құрылымы, шифрі құпияларының жұмбағы енді анықталды. Қалай күресуге, алдын алуға болатыны да белгілі. Обыр ісігі немесе АИТВ вирусымен салыстырғанда, коронавирустың өміршең еместігі, оның адам ағзасына қонақтайтын уақыты шамамен 3 апта екені де ғылыми негізде жүйеленіп, халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың, үлкен қаржылық және адами ресурстардың нәтижесінде өндірістік айналымға жіберілді.

Бізде вакцинаның тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы ғылыми және клиникалық деректер жеткілікті. Ауырған және вакцина-ның толық курсынан өткен адамдар КВИ-ге қарсы ең жақсы иммундық қорғанысқа ие екендігі айтылып жатыр. Ақпан айында жаппай вакцина басталған кезде медицина қызметкерлері вакцинаға алаңдаушылық білдірді. Кейіннен



көп елдерде жанама әсер болмағанын көрді. Қазір адамдардың сенімі пайда болды. Бұл ел арасында алыпқашпа қауесеттен туған негізсіз әңгімелерге нүкте қоюы тиіс еді. Бірақ олай болмай тұр. Індеттің алғашқы кезеңдерінде инфекция егде адамдарға аса қауіпті деген пікір басым еді. Қазір коронавирус күн өткен сайын жасарып барады. Тіпті бесіктері бөбектерден де дерт белгісі табылғаны – қауіптің басы. Дертті вакцина ғана тоқтата алатыны, бұдан басқа жол жоқ екенін түсінетін кез жетті.

**Абайдулла ЖАПАРОВ, Egemen Qazaqstan**

\*\*\*\*\*

## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ



**Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтеді.**

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мекемесі «Ильичевка орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы акцияның жұмысына үн қосып демеушілік көрсеткен мекемелер мен сол мекемелердің басшыларына шексіз алғыс білдіреді. Олар «Ильичевка Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы А.В.Меченко және «Тайынша Май» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Фан Лун Фей және олардың ұжымдары. Осы азаматтардың демеушілігімен балаларға мектепке қажетті құрал-жабдықтар таратылды. Сыйлықтарды тарту барысында оқушыларға тілектер айтылып, жаңа оқу жылы сәтті басталсын деп кеңес айтылды. Осындай демеушілік көрсеткен азаматтарға ата-аналар да ризашылығын білдіреді.

*Жаңа оқу жылының қарсаңында қолға алынатын іс-шара*

\*\*\*\*\*

## МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ

ҚР ҚК 72-б.3-б. 1-т. негізінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

2021 жылғы 5 тамызда сотталған Р. бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы өтініш берді. Сотталған Р. жазасын өтеу кезінде өзін оң жағынан көрсетті, пробацция қызметі бөлімінің бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарынан туындайтын барлық талаптарын орындады. Некеде тұрады, кәмелетке толмаған төрт баласы бар, олар бірге тұрады. Қазіргі уақытта ресми түрде жұмысқа орналастырылды. Жұмыс орнында ол оң сипатталады.

Ағымдағы жылы тамыз айының 8 жұлдызында "ZOOM" бағдарламасы арқылы СҚО Тайынша аудандық сотының онлайн сот отырысы өтті, сот сотталушының жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қанағаттандырды. Сот сотталған Р.-ны шартты түрде мерзімінен бұрын Тайынша аудандық сотының үкімімен айқындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуден 6 (алты) ай 17 (он жеті) күн өтелмеген мерзімге босатты.

**Д.Ж.ШАРИПОВ,**

*СҚО ҚАЖД Тайынша аудандық пробацция қызметі бөлімінің инспекторы.*

## ШАХМАТ ПЕН ДОЙБЫДАН ТУРНИР

2021 жылдың 30 тамызында Чкалов ауылдық округінің ғимаратының «Дебют» шахмат-дойбы клубында, Қазақстан Республикасының Конституция күніне және клубтың ашылуына сегіз жыл толуына орай шахмат пен дойбыдан турнир өтті. Турнирге Чкалов және Алабота ауылдық округтерінің өкілдерінен 12 дойбышымен екі шахматшы қатысты. Дойбыдан жарыс әр ойыншыға 20 минут уақыт беріліп 5 түр көлемінде өтті. Ымырасыз күрес барысында нәтижелер келесідей болды: 1-орын, сонымен қатар ауыспалы кубок, клубтың грамотасын Сейітов Орынбай жеңіп алды; 2-орын, аналогтық грамотаны Тасов Нұғыман жеңіп алды; 3-орын және грамотамен Ержанов Жанат марапатталды. Әйелдер арасында Өтеева Гүлзира үздік болды. Жас жігіттер арасында – Цецхладзе Алексей. Қыздар арасында ең үздік нәтиже Дондых Аяулым көрсетті. Дойбыдан жақсы ойын көрсетіп, турнирге арнайы келген Алабота ауылдық округінің имамы Зейнуллин Жанатқа ерекше алғысымды білдіргіміз келеді. Шахмат ойнаған Сепен Күпеев пен Талғат Дондыхтың арасындағы табанды күрес тең нәтижемен аяқталды.

Турнир күні тағы бір жарқын оқиға орын алды – Алматы облысының Қапшағай қаласынан жалпы салмағы 40кг. болатын шахмат және дойбы кітаптарын сыйға тартқан демеуші Владимир Васильевич Дудченконың арқасында «Дебют» клубының кітапханалық қоры сонша кітапқа толықты.

**О.С. СЕЙІТОВ,**

*«Дебют» ШШК жаттықтырушысы, турнир ұйымдастырушысы.*



## ЖЕРЛЕСТЕР ПОЛИГОНДА ӘСКЕРИ МІНДЕТТЕРІН АТҚАРДЫ

Міне, Кеңестер Одағындағы ең үлкен Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл болды. Алғашқы сынақ 1949 жылғы 29 тамызда болған, содан 42 жыл өткеннен кейін, 1991 жылы 29 тамызда полигон жабылды.

Қырық жылдан аса уақыттың ішінде 456 жарылыс болған. Оның 116 ашық ауада болған. 1961 жылдан жер бетіндегі жарылыс тоқтатылып, жабылғанға дейінгі 340 жарылыс жер астында өткізілген. Ғалымдардың дерегінше, ядролық жарылыстардың қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының күшінен 2,5 мың есе артық болған.

Полигонды жабуға Қазақстанда антиядролық қозғалыс кең көлемде жүргізіліп, қоғам қайраткері, белгілі ақын Олжас Сүлейменов басқарған «Невада – Семей» қозғалысы «қарусыздану бастамасының» жаршысы болды. 1991 жылы 29 тамызда тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен Семей полигоны жабылды. Бұл қадам үлкен халықаралық мәнге де ие болды – әлем елдері тажал қарудың сынақтарына бірінен кейін бірі мораторийлер жариялап жатты. Әлбетте 40 жылдан астам мерзімде жасалған жарылыстардың салдары әлі күнге дейін сезіледі...

Біздің СҚО Тайынша ауданының Қарағаш ауылынан 1982 – 1985 жылдар аралығында Талғат Жүнісов, Шыңғыс Сыздықов, Ержан Мұратов, Кәрім Жақсыбаев, Марат Нұрғасымов, Жолдас Құттығожин, Болат Қаражігітов, Серік Ерденев, Дәулет Жүнісов сынды азаматтар Семей полигонында ерекше қауіпті аймақ бөлімінде әскери міндеттерін атқарған.

Жақында, ядролық сынақтарға қарсы қимылдың халықаралық күні қарсаңында және Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай Көкшетау қалалық әкімдігінде іс-шара өткізіліп, полигонда әскери қызмет атқарғандарға естелік медаль, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табыс етілді. Марпатталғандардың ішінде бұл күндері Көкшетау қаласында тұрып жатқан жоғарыда аттары аталған қарағаштық азаматтар да бар.

Полигонда әскери міндетін атқарған Марат Алтайұлы: «Мен полигонда 1983 – 1985 жылдар аралығында бір топ жерлестеріммен бірге әскери міндетімді атқардым. Ол кезде Курчатова қаласында әскерде болдым деп айтуға болмайтын, бәрі құпия болатын. Құпияны сақтауға, тіпті, қолхат беріп кеткенбіз. Әйтеуір, бәріміз аманбыз, еңбек етіп жүрміз» - дейді бізбен әңгімесінде. Бейбіт күннің батырларын құрметтейік, ағайын!

Совет ХАМИТҰЛЫ, еңбек ардагері.

\* \* \* \* \*

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЕҢБЕК БИРЖАСЫ - ЖЫЛДАМ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ТЕГІН

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қызметтерді қашықтықтан көрсету жобасын іске қосты. "Электрондық еңбек биржасы" мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)) жұмыс іздеушіге мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетілуі мүмкін:

1. Жұмыс іздеп жүрген адамдарға және жұмыссыздарға жәрдем көрсету, оның ішінде: жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеу және еңбек делдалдығын көрсету, жұмыссыз ретінде тіркеу, мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына (жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар) бос жұмыс орындарын таңдау.

2. Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау.

Ең бастысы, бұл мемлекеттік қызметтерді азаматтар үйден шықпай-ақ, сондай-ақ Тайынша қаласы, ауылдық округ әкімдіктерінің және халықты жұмыспен қамту орталығының өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында ала алады, яғни жұмысынан айырылған азаматтар "Электрондық еңбек биржасы" порталы арқылы кез келген компьютерден жұмыс іздеп жүрген адам ретінде, ал үш жұмыс күнінен кейін жұмыссыз ретінде тіркеуге тұра алады. Өзінің түйіндемесін порталға орналастырып, азамат, оны қызықтырған кәсіпорындарға жіберіп, лайықты бос жұмыс орындарын қарап шыға алады. Лайықты бос жұмыс орындары болмаған жағдайда, азамат ЭЕБ порталында жұмыссыз мәртебесін алып, жұмысынан айырылу бойынша жәрдемақы ресімдей алады және мемлекет субсидиялайтын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына (әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, қоғамдық жұмыстар) қатысуға өтінім жібере алады. Барлық осы процедуралардан азамат электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен өте алады, оны дербес компьютер болған кезде оңай-ақ жасауға болады.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде көрсету бойынша анықтамалық ақпаратты [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz) сайтынан және мына телефондар бойынша: 8 (71536) 23347, 22527 алуға болады.

Сауле ЖАКЕНОВА,

Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры.

## ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ — ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОҒАЛТПАЙТЫН ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ БІРІ.

Өйткені жолдардың сапалы болуы — азаматтардың жайлы өмірі мен қауіпсіздігінің кепілі. Биыл Тайынша ауданында жол жөндеу жұмыстарының ауқымы кең болды Чкалов ауылындағы жол жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Айта кеткен жөн, жөндеу жұмыстарының аяқталуы тек Чкалов аймағының 5 мыңға жуық тұрғынына ғана емес, сонымен қатар көршілес Ақжар және Уәлиханов аудандарының тұрғындарының да жүріп-тұруына ыңғайлы болмақ. Сонымен қатар Келлер, Южное, Красная Поляна, Озерное ауылдарында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Чермошнян және Бахмут ауылдарының жолдарын жөндеу де жоспарда бар. Бүгінгі таңда Тайынша қаласының жұмысшылар шағын ауданында 4,4 шақырым жолды реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұл ретте жол бойында жаяу жүргіншілерге арналған жол және көше бойында 150 жарықтандыру шамдары орнатылмақ. Жол жөндеу барысында қалыңдығы 25 см құм-қиыршық тас қоспасы, қара қиыршық тас қабаты және 10 см асфальт-бетон жабыны пайдаланылған. 13 аудандық маңызы бар жолдарды орташа жөндеуге бес келісімшарт жасалды, оның үшеуі бойынша қиыршық тас төселді. Бұл ұзындығы 11 шақырымды құрайтын Степное-Озерное жолы, жалпы сомасы 126 миллион теңге. Содан кейін ұзындығы 17 шақырым Красная Поляна-Нагорное-Чермошнянка жолы, жалпы сомасы 195 миллион теңге. Келлеровка-Южное учаскесінің ұзындығы 10 шақырым жолда орташа жөндеу жүргізілген, сомасы — 116 миллион теңге. Жөндеу жүргізілген жолдардың бірі — Теңдік ауылына кіреберіс болып табылады, ұзындығы 6 км учаске жалпы сомасы 185 миллион теңгеге асфальтталған. Красная Поляна-Нагорное-Чермошнянка бағытында 8 шақырымда 92 миллион теңге сомаға жөндеу жұмыстары басталып кетті және қазан айында аяқталады деп жоспарланып отыр. Біз бір мердігер — "Көкшетау жолдары" ЖШС-мен жұмыс жасаймыз, бұл мердігер компания өзін жақсы жағынан көрсете білді. Жолдарды сапалы жөндеп,



Теңдік ауылы

жұмыстарды мерзімінде орындайды. Барлық жобалардың тапсырыс берушісі Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі болып табылады. Өткен жылы әлеуметтік серіктестік аясында "Астық STEM" ЖШС күшімен Краснокиевка-Октябрьское жолын, яғни Краснокиевкадан Қарағашқа дейінгі жолды және Қарағаштан Көкшетау – Омбы трассасына дейінгі екінші учаскені орташа жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. 2020 жылы Көкшетау-Омбы тас жолынан Қарағаш ауылына дейін жоба іске асырылды, ал биыл құны 565 миллион теңге Краснокиевка-Қарағаш учаскесін жөндеуге конкурс жарияланды. Жасалған шарт бойынша биыл жөндеу жүргізілетін жоспарлы учаскелерінде инертті материал әкеліп тастауды сұраймыз. Нәтижесінде келесі жылы ыңғайлы мезгілдің келуімен жұмыс бірден басталады.

Виноградовка-Ясная Поляна-Кирово жолы да жобада бар. Жолдың ұзындығы 53 шақырым. Жоба екі бөлікке бөлінген: 45 шақырымға дейін және 45-тен 53 км-ге дейін, соңғы учаске Киров ауылына жақын. Жөндеу жұмыстарының құны 2,5 миллиард теңгеден астам. Жобаны үш жыл ішінде іске асыру жоспарлануда және оны іске асыру барысында конкурста жеңіске жеткен мердігер осы жолға күтім жасайды. Атап айтқанда, жөндеу әлі өтпеген учаскелердегі шұңқырларды қалпына келтіру және толтыру. Сондай-ақ мердігерді анықтау үшін конкурс жарияланды. Қазір Виноградовка-Ясная Поляна-Киров және Краснокиевка-Октябрьское екі жобасы бойынша қыркүйек айының ортасына дейін өтінімдер қабылданып жатыр. Содан кейін шағымдану, келісімшарттарға қол қою



процестері өтеді, бұл бір аптаға созылуы мүмкін. 20-сы күні біз мердігерді анықтаймыз. Содан кейін біз материалды әкелуге бар күшімізді саламыз.

Бүгінгі таңда Келлеровка-Озерное жолын жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Жоба тиісті ауылдық округтердің аумағында орналасқан ауылшаруашылық құрылымдарымен әлеуметтік серіктестік аясында жасалды, атап айтқанда "Южное" ФХ, "Фауна" ФХ, "Степной" ПК, "Зеленые Луга" ЖШС. Қазір бюджет қаражаты үшін жол сапасы орталығымен сараптама жүргізуге шарт жасалды, бірақ оны іске асыру туралы айтуға әлі ерте. Сонымен қатар Тайынша қаласынан Бірлік ауылы арқылы Теңдік бұрылысына дейінгі жолды жөндеу және ауылдағы көпірді жөндеу бойынша жобалар бар. Жобалаушылармен шарт жасалды, ЖШС шығындарын Қаратомар ЖШС өз мойнына алады, ал бұл 7, 4 миллион теңге. Учаскеге тексеру жүргізілді, қазір олар құрылыстың құнын есептеумен айналысып жатыр, қазан айының басында дайын болады деп күтілуде.

Тәжірибе көрсеткендей, келесі жылға ауыстыру мүмкіндігі бар екі жылдық жобаларды жасаған жөн. Бюджетте бос ақша пайда болған кезде, бізде оны жүзеге асыру мүмкіндігі болады.

Ясная Полянадан Дашка-Николаевка және Зеленый Гай арқылы Тихоокеан ауылына дейінгі 30 шақырымнан астам жол мәселесі де өз шешімін таппақ. Қазір "Тайынша-Астық" ЖШС басшылығымен жобалаушылардың қызметтері үшін 13 миллион теңгеден астам төлем төлейтіндігі туралы уағдаластық бар, шарттар жасасу бойынша келіссөздер жүргізілуде. Жол ауылшаруашылық құрылымдарының қызметі үшін де маңызды, сондықтан олар көмектесуге дайын. Біз олармен бірге жұмыс істейміз.

Киров тармағының жолындағы үш жоба 8 мыңға дейін тұрғыны бар ірі ауылдық округтерді сапалы жолмен қамтамасыз ететінін атап өткім келеді. Кировоға баратын жол да маңызды, өйткені ол Булаев ауданында жалғасын тауып, сол жерден Омбыға апарады.

Сондай-ақ бастапқы кезеңде болса да, Заречное ауылына көпір мен кіреберістің жол төсемін жасау жоспарлануда. Бұл учаске бұрыннан проблемалық болып табылады. Кәдімгі су өткізгіштерді орнату тиімді емес, олар су тасқыны кезінде мұз бен қамыспен бітеледі. Аудан әкімі Р. Анбаев жобалық сметалық құжаттаманы қазірден бастап дайындауды тапсырды.

Осыған ұқсас жоба аясында бұрын Келлеровка-Тайынша жолы жасалды.

Виноградовка-Киров жобасы бойынша жобалық сметалық құжаттаманы 2020 жылы бес ауыл шаруашылығы құрылымдарымен, атап айтқанда "Дашка Николаевка СК" ЖШС, "Тайынша Астық" ЖШС, "Вишневское" ЖШС, "Агроном Тайынша" ЖШС, "Ильич Тайынша" ЖШС төленді. 2021 жылдың наурыз айында ведомстводан тыс сараптамадан өтті. Әзірге қаражат бөлінген жоқ. Дегенмен, мемлекеттік сатып алудың алдын ала жоспары бойынша конкурс жариялады. Келісім жасалып, мердігер анықталғаннан кейін жобаны іске асыру оңайырақ болады.

Жолдың өзіндік құны әртүрлі болуы мүмкін, бұл жолдың қандай болуына, яғни асфальтталғанына немесе болмауына байланысты. Бұрынғы асфальт төсеммен салыстырғанда жолдың негізі күшейтілген, шығын азайған. Виноградовка-Кирово жолының бар болғаны 30%-ында асфальт жабыны болған. Гредерлер үлкен шығындарды талап етеді. Орташа алғанда, жол құрылысының 1 шақырымы 50-ден 100 миллион теңгеге дейін барады.

Колхозная және Карл Маркс көшелерін қайта құру бойынша екі жылдық жобаны іске асыру басталды. Ұзындығы 4,4 шақырым, төсемінің ені 7 метр, көшенің бір жағынан ені 1,5 метр жаяу жүргіншілерге арналған жолдар. Сонымен бірге қуаттылығы 150 ват шамдарымен 150 жарықтандырығыш шамдары орнатылған. Реконструкциялау жұмыстары автобус жүретін көшелерде жүргізіледі. Бұл өз кезегінде балалар үшін мектепке, ал ересектер үшін жұмыс орнына еш қиындықсыз жетуге мүмкіндік береді.

Берік ТЕМІРБЕКОВ,

Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы.



## ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕНДІ

Пандемия басталған уақыттан бері дәрігерлерге 229 млрд теңгеден астам мөлшерде үстемеақы төленді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатындағы іс-шараларды қаржыландырудың қорытындылары туралы есеп берді және медицина қызметкерлеріне қаржылық қолдауда көрсетудің жаңа моделіне көшу туралы айтып өтті. 2021 жылдың 1 - жарты жылдығының қорытындылары туралы айтумен қатар, Қордың COVID-19-дың таралуын болдырмаудағы, коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастарды диагностикалау мен емдеудегі іс-шараларды қаржыландыру бойынша рөлін атап өту маңызды. 1-ші жартыжылдықта КВИ-мен күрес аясындағы іс-шараларды қаржыландыруға барлығы 219 млрд теңге бағытталды, оның ішінде 197,6 млрд теңге ТМККК қаражаты есебінен, 21,4 млрд теңге МӘМС есебінен жасалынды. Оның ішінде медициналық қызметтер үшін жұмсалған қаржы 112,8 млрд теңге, ал COVID-ке қарсы күрес шараларына тартылған медицина қызметкерлеріне үстеме ақы 106,2 млрд теңгені құрады. Қор басшысы айтып өткендей, дәрігерлерге қаржылық қолдау көрсету 2020 жылдың наурыз айынан бастап үш тәуекел тобы бойынша коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупі үшін төленетін үстемеақылар түрінде көрсетіледі: I топ – 850 мың теңге; II топ – 425 мың теңге; III топ – 212,5 мың теңге. Ағымдағы жылдың маусым айына дейін осы мақсаттарға шамамен 229 млрд теңге бағытталды. Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың ақпан айынан бастап дәрігерлерді басым түрде вакцинациялаудың арқасында (қамту 100% - ға жуық) олардың арасындағы аурудың қаупін айтарлықтай төмендетуге қол жеткізілгені туралы айтылды. Осыған байланысты тамыз-қыркүйек айларында ауруды жұқтыру қаупі үшін үстемеақылар төлеу әрбір тәуекел тобы үшін белгіленген мандердің 50% мөлшерінде жүргізілетін болады. "Мемлекет басшысының кеңейтілген отырыста берген тапсырмасына сәйкес, дәрігерлерді ендігі ынталандыру бойынша үстемеақылар жүйесі үстіміздегі жылдың қазан айынан бастап Эпидемиологиялық ахуалға қарамастан жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін қолдау және ынталандыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатын болады", – деп атап өтті Болат Төкежанов. COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес аясында эпидемияға қарсы іс-шараларда жұмыс істегені үшін төмендегі қызметкерлер қосымша ақы алатын болады: - инфекциялық стационарлардың, провизорлық және карантиндік стационарлардың дәрігерлік, орта және кіші медициналық персонал; - дәрігер-реаниматологтар; - дәрігерлік персонал, орта медициналық персонал және ЖМК, МСАК мобильді бригадаларының, медициналық авиацияның жүргізушілері;

- шұғыл стационарлардың, МСАК ұйымдарының қабылдау бөлімшелерінің қызметкерлері; сондай-ақ блок-бекеттерде карантиндік режимді қамтамасыз ететін денсаулық сақтау қызметкерлері;

- СЭС вирусолог-дәрігерлері мен зертханашылары; СЭС дәрігер-бактериологтары мен зертханашы-бактериологтары, СЭС сынамаларын қабылдау және іріктеу жөніндегі ЖМК және дәрігерлері, СЭС жүргізушілері, санитарлары және дезинфекторлары. Аталған өзгерістерге байланысты жалақы дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлердің басым мамандықтары бойынша ұлғайтылатын болады (қосымша ақының мөлшері ең төменгі жалақының 1,5-тен 6-ға дейінгі мөлшерін немесе 63 750 теңгеден бастап 255 000 теңгеге дейінгі мөлшерді құрайды).

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша  
филиалының баспасөз қызметі.**

## САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛУ

Аяулы жар, ардақты әкеміз, руы Атығай,  
**МАХМЕТҰЛЫ САТҚАН**

осы дүниеден өткеніне бір жыл болды. Әкемізді сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жаның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз.



Әкеден асқар жоқ

екен! Әкенің сөзі оқ екен.

*Қарайып жүрсе қасыңда, Уайым-қайғы жоқ екен.*

*Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,*

*Ел айтады, жұрт айтады жарысып.*

*Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,*

*Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.*

*Әке, көзден кеттіңіз мәңгі жырақтап,*

*Сенбей сізді көп іздедік біз жылап.*

*Кетіпсіз ғой бұл өмірден мәңгіге,*

*О дүниені мекен қылып тұрақтап.*

*Әке деген асқар тауың, орманың,*

*Әке деген жұбанышың, қорғаның!*

*О, адамдар бар кезінде Әкені,*

*Қадірлейік, өкініште болмағын!*

*Еске алып, мәңгілікке сағынамыз.*

*Жатқан жерің, жан әке, жайлы болып,*

*Сәуле шашып тұрсыншы қабіріңде.*

**Еске алушылар: зайыбы – Раушан, балалары,  
немерелері. Тайынша-Көкшетау.**

\*\*\*\*\*

## АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



**Әр оқу жылының қарсаңында «Мектепке жол»  
акциясының өткізілуі дәстүрге айналып келеді.  
Биылғы 2021-2022 оқу жылында да аталмыш шара  
жалғасын тапты.**

Осы аталған акцияға қатынасып, балаларға қажетті оқу құралдары мен киім – кешектер алуға және білім ошағына жөндеу жұмыстарына қажетті заттарды алуға көмектескендері үшін, ата-аналар және оқушылар және мектеп ұжымы өз алғыстарын кең жүрек, қолы ашық, қайырымды жандарға білдіреді. Бұл біздің жергілікті «Ильичевка-Астық» және «Тайынша Май» жауапкершілігі шектеулі серіктестері.

Құрметті осы екі ұжымның басшылары! Сіздерге мектеп оқушыларын қолдап, көрсеткен көмектеріңіз үшін Алғыс білдіреміз. Еңбектеріңізге толағай табыстар, жеке өмірлеріңізде әр қадамдарыңызға сәттілік тілейміз!

**Ильичевка орта мектебінің ұжымы және мектеп  
оқушыларының ата-аналары.**

## АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!



Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау — қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді.

Міне, осындай қайырымды жандар қатарында аудан орталығы -Тайынша қаласындағы «МЕГА ПЛАНЕТА» сауда орталығының басшысы мен жалпы ұжымы деп айтар едік. Биылғы «Мектепке жол» акциясы бағытында біздің Чкалов арнайы (түзету) мектеп интернатының тәрбиеленушілеріне, яғни төменгі сынып оқушыларына демеушілік көрсетіп, киім-кешектер берді. Ұжымның және кішкентай бүлдіршін-оқушыларымыздың атынан осы сауда орталығының жалпы ұжымына, басшысына Алғыс айтамыз!

**СҚО әкімдігінің «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға  
арналған Чкалов арнайы (түзету) мектеп-интернаты»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы**

\*\*\*\*\*

### КӨҢІЛ АЙТУ

Тайынша ауданының әкімі мен аудан әкімінің аппараты «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ Тайынша аудандық басқармасының бастығы Валентина Викторовна Кузнецоваға

### АНАСЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты көңіл айтады

Акиму Тайыншинского района и аппарат акима района выражают искренние соболезнования начальнику Тайыншинского районного управления АО «Народный сберегательный банк Казахстана»

Кузнецовой Валентине Викторовне по поводу кончины **МАТЕРИ**

«Тайынша таңы» аудандық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ Тайынша аудандық басқармасының бастығы Валентина Викторовна Кузнецоваға

### АНАСЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

\*\*\*\*\*

## КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» МКК-нің «Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы ШЖҚ ММК» аудан тұрғындарын қаңғыбас иттерді ұстау уақыты басталғаны туралы хабарлайды. Сондықтан иттерді вольерлерде немесе байлаулы ұстау қажеттігін хабарлайды. Сұрақтарыңыз болса, 23-7-88 Байланыс телефонына хабарласуға болады.**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 287. Таралымы 1300.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫҢ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.